

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.  
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
международной научно-практической конференции  
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021  
Нұр – Сұлтан**

**ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)**

**ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73**

**T29**

**Редакция алқасы**

*МАЙДЫРОВА А.Б.* - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БАЙЖОЛОВА Р.А.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БЕРЖАНОВА А.М.* - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЖАНАБАЕВА Ж.К.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*АУЕЛБЕКОВА А.К.* - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С.* - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*КАЗБЕКОВА З.К.* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*НҰРЛАНҰЛЫ А* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**ISBN 978-601-337-610-3**

**T29** "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

**ISBN 978-601-337-610-3**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

4. О создании специализированной организации по вопросам концессии. Постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2008 года N 693. // URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/P080000693\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/P080000693_)

5. Государственно-частное партнерство в странах ЕАЭС. Практическое руководство для инвесторов. 2 издание. // Евразийская экономическая комиссия, 2018. // URL: [http://www.eurasiancommission.org/ru/act/finpol/dobd/ppp/Documents/Evrazes\\_Book-2018\\_A4.pdf](http://www.eurasiancommission.org/ru/act/finpol/dobd/ppp/Documents/Evrazes_Book-2018_A4.pdf)

6. В Казахстане реализуют 864 проекта ГЧП. // Капитал. Центр деловой информации, 2021 г. // URL: <https://kapital.kz/economic/93419/v-kazakhstane-realizuyut-864-proyekta-gchp.html>

7. Барцева Г., Фомина М., Галактионова А., Якунина Е. Инвестиции в инфраструктуру. Рынок проектов в кризис. // InfraOne Research, Москва, 2020 г. // URL: [https://infraone.ru/sites/default/files/analitika/2020/rynok\\_proektov\\_v\\_krizis\\_infraone\\_research.pdf](https://infraone.ru/sites/default/files/analitika/2020/rynok_proektov_v_krizis_infraone_research.pdf)

## **ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Махметова Д.С.**

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

[dana.makhmetova.90@bk.ru](mailto:dana.makhmetova.90@bk.ru)

Агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) елдің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, сонымен қатар аумақтардың еңбек және қоныстану әлеуетін қалыптастыратын экономиканың маңызды секторларының бірі. Сондықтан оның дамуы кез келген мемлекеттің стратегиялық мақсаты болып табылады. Агроөнеркәсіптік кешен - бұл өндіріс қана емес, сонымен бірге халықтың едәуір бөлігінің тіршілік ету ортасы. Ауыл шаруашылығы өндірісінің деңгейі елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне тікелей әсер етеді. Қазақстандағы ауылшаруашылық саласы дәстүрлі түрде экономиканың басқа салалары арасында ерекше орында тұрады.

АӨК өнімі күнделікті тұтынатын болғандықтан, жоғары айналымға ие, яғни АӨК-нің нарық динамикасы тұрақты. Осыған байланысты АӨК тұрақты жұмыс беруші сала болып, сауда саласынан кейінгі екінші орынды алады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар саны 1175 мың адамды, жалпы экономикадағы жұмыс істейтін 8734 мың адамның 13,5% құрады. Бірақ, бұл көрсеткіш өткен жылдармен салыстырғанда азайып келеді, мысалы 2019 жылы 14,3 % құраса, 2018 бұл 15,4 % болған. Бұл көрсеткіштің азаю себебі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының азюы мен осы саладағы кадрлар жалақысының төмен болуымен

сипатталады. 2020 жылғы ауыл шаруашылығы саласындағы орташа номиналды жалақы 131000 теңгені құрады, бұл көрсеткіш басқа салалар арасындағы ең төмен көрсеткіштердің бірі. Мысалы, ел бойынша орташа жалақы мөлшері – 212 000 теңге болса, ең жоғарғы жалақы алатын салалар - су көлігі 810 600 теңге, әуе көлігі 516 000 теңге, тау-кен өнеркәсібі 450 000 теңге құрайды. Яғни, ауыл шаруашылығының жұмыскерлер санының азаюы, заңды құбылыс деп айтуға болады [1].

АӨК экономиканың басқа да секторларына - химия, машина және аспап жасау өнеркәсібіне, көтерме және бөлшек саудаға да әсер етеді. Бұл деген, АӨК-дегі құрылымдық өзгерістер басқа салаларға да өзгерістер әкеледі деген сөз. Экономикадағы АӨК үлесін ескеретін болсақ, бұл өзгерістер айтарлықтай маңызды болып саналады. АӨК-дегі өсім инвестициялар ағынын ынталандырады, сауда және қызмет көрсету секторларын жандандырады.

Сонымен қатар, АӨК ерекшеліктері болып саланың кең географиялық қамтуы, материалдық-техникалық базаны орналастыру ауқымы табылады. Осының барлығы АӨК - нін экономикадағы маңызды салаға айналдырып, алатын орнын айқындайды.

Президент 2021 жылғы қыркүйек айындағы жолдауында Қазақстанның ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор екендігін, дей тұрғанмен де АӨК саласында қордаланған мәселелердің де аз еместігін айтып өтті. Міне осы проблемалар бойынша жұмыс атқаруды, нақтылай айтатын болсақ, азық – түлік тауар бағасын тұрақтандыру үшін көтерме-тарату орталықтарының желісін құруды, сонымен бірге өнімнің өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықтағы бағасына бақылау жасауды, ветеринария саласын жетілдіруді және сол арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыруды, үдерістерді цифрландыруды, білікті маман даярлауды және олардың жалақысын көбейтуді тапсырды [2].

**Кесте 1. Қазақстан Республикасының АӨК кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламалары**

№	Мемлекеттік бағдарламалар атауы	Жүзеге асыру мерзімі
1	«Ауыл» АӨК дамытудың тұжырымдамалық бағдарламасы	1991-1995 жж.
2	Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту бағдарламасы	2000-2002 жж
3	Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарлама	2003-2005 жж.,
4	Ауылдық аумақтарды дамытудың Мемлекеттік даму бағдарламасы	2004-2010 жж.,
5	АӨК тұрақты даму Тұжырымдамасы	2006-2010 жж.
7	АӨК тұрақты даму Тұжырымдамасын бірінші кезекті жүзеге асыру шаралары бойынша бағдарлама	2006-2010 жж.
8	АӨК дамыту арналған бағдарлама	2010-2014 жж.
9	ҚР АӨК дамыту бағдарламасы "Агробизнес-2017".	2017-2021 жж.

Қазақстан Республикасында тарихи қалыптасқан жағдай бойынша ауыл шаруашылығының дамыған саласы болып мал шаруашылығы табылды. Қазіргі заманның технологиялық, инновациялық даму жағдайына байланысты АӨК-нің кез келген саласын дамытуға мүмкіндіктер туып отыр. Агроөнеркәсіптік кешеннің Қазақстан экономикасындағы рөлі мен маңыздылығын көрсете отырып, ҚР Үкіметі Тәуелсіздік кезеңінде осы саладағы мемлекеттік саясатты айқындайтын тоғыз бағдарлама әзірледі.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бүгінгі күні өзекті болып отыр. Бағдарламаның мақсаты АӨК саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Мақсатқа қол жеткізу еңбек өнімділігін 2015 жылы ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға шаққанда 1,2 млн. теңгеден 2021 жылға қарай 3,7 млн. теңгеге дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Сонымен қатар, қайта өндірілген өнім экспорты 2015 жылы 211,6 ден 2021 ж. 738,5 млрд. теңгеге дейін арттыру күтілуде [3].

Қазақстанда өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің 80% - ға жуығы қайта өңдеусіз шикізат түрінде сатылады, ал дайын өнімнің бәсекеге қабілеттілігі әлсіз. Бұндай жағдай ауыл шаруашылықты дамытқанымен, экспорт әлеуетін азайтып отыр. Яғни, біздің елдің экономикалық өсуіне АӨК толық қанды септігін тигізуі үшін, бізге қайта өңдеу саласын дамыту қажеттілігі туындап тұр.

Міне, осы сынды мәселелерді шешу үшін және ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту үшін Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы Министрлігі АӨК дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын және АӨК дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын әзірледі.

Ресми статистикалық деректерді қолдана отырып, елдің АӨК дамуына талдау жасасақ.

2020 жылы ауыл шаруашылығында айтарлықтай өсім байқалып отыр. Осы жылдың қорытындысы бойынша саладағы жалпы өнім көлемі 5,9 трлн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 5,3 %-ға артқан. Жалпы ауыл шаруашылығына салынған инвестиция 4,7 % -ға артып, 454,2 млрд теңгені құрап отыр. Оның ішінде азық-түлікке салынған инвестиция көлемі 18,6 % -ға артқан. Мұнымен қоса, өңделген өнімнің экспорты 17,3 % -ға, 871 млн АҚШ долларынан 1млрд долларға жеткендігін айтуға болады.

**Кесте 2 – 2015-2020 жылдардағы мал мен құс басының динамикасы, мың бас**

Түрлері	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Ірі қара мал	6 183,9	6 413,2	6 764,2	7 150,9	7 436,4	7 850,0
Қой мен ешкі	18 015,5	18 184,2	18 329,0	18 699,1	19 155,7	20 057,6
шошқа	887,6	834,2	815,1	798,7	813,3	816,7
жылқы	2 070,3	2 259,2	2 415,7	2 646,5	2 852,3	3 139,8
құс, млн. бас	35,6	36,9	39,9	44,3	45,0	43,3
Ескерту - деректер <a href="http://www.stat.gov.kz">www.stat.gov.kz</a> . бойынша жасалды						

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 2020 жылы орылған астықтың сапасы жоғарғы деңгейде болып, бидайдың жалпы көлемі 1-3 санатқа 80 пайызы еніп отыр, ал 2019 жылы бұл көрсеткіш 53 пайызды құраған. Мал шаруашылығында жалпы өнім көлемінің өсімі 2,3 трлн теңгеге жетіп, оның ішінде ет өндірісі 3,7 % -ға, сүт 3,2 % -ға артып отыр [4].

Көрсетілген мәліметтері бойынша қарайтын болсақ, 2019 жылмен салыстырғанда ірі қара мал басы 8,6 пайызға, жылқы 11,7 пайызға, қой мен ешкі саны 7 пайызға артқандығын көреміз.

### Кесте 3 - Аймақтар бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындар саны

Аймақтар	Кәсіпорындар саны
Түркістан облысы	3695
Алматы облысы	2122
Ақмола облысы	1999
Солтүстік Қазақстан облысы	1346
Шығыс Қазақстан облысы	1241
Қостанай облысы	928
Жамбыл облысы	908
Алматы қаласы	814
Қарағанды облысы	757
Шымкент қаласы	672
Батыс Қазақстан облысы	629
Ақтөбе облысы	592
Павлодар облысы	574
Нұр –Сұлтан қаласы	554
Қызылорда облысы	529
Маңғыстау облысы	167
Атырау облысы	142

15.04.2021 жағдай бойынша Қазақстанда ауыл шаруашылығы қызметімен айналысатын 17,669 ұйым тіркелген (орман және балық шаруашылықтарын есепке алмағанда).

Қазақстанның аймақтар бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының алдыңғы қатарында Түркістан, Алматы, Ақмола облыстары тұр. Бұл осы өңірлердегі ауыл шаруашылық кешенінің қарқынды дамып жатқанын көрсетеді.

2021 жылдың алғашқы үш айында Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласында (орман және балық шаруашылықтарынсыз) 563 жаңа ұйым тіркелді. Ал, 2020 жыл бойынғы ауылшаруашылығында тіркелген жаңа компаниялардың саны 1626 құрады. Бұл көрсеткіш 2021 жылдың алғашқы айларының көрсеткіштерімен салыстарғанда, әлдеқайда төмен болып келеді, яғни ауыл шаруашылығы жыл өткен сайын қарқынды түрде дамуда деп айтуға болады. Қызмет салалары бойынша жаңа ауыл шаруашылығы ұйымдарының саны келесідей:

Аралас ауыл шаруашылығы - 211 жаңа ұйым.

Мал шаруашылығы - 165 кәсіпорын.  
Маусымдық дақылдарды өсіру - 133 компания.  
Қосалқы қызмет түрлері - 39 ұйым.  
Көпжылдық дақылдарды өсіру — 8 кәсіпорын [5].

Қорытындылай келетін болсақ, АӨК ел экономикасының басқа салаларын дамытып, елдегі қаржы ағындарының едәуір көлемін қалыптастырып, жұмыс орындарына тұрақты сұранысты қамтамасыз етіп, ұлттық экономикалық жүйені және тұтастай қоғамды тиімді дамытуға айтарлықтай үлесін тигізіп, маңызды орынды алып отыр. Агроөнеркәсіптік секторды орнықты дамытудың негізгі өлшемі тұтастай алғанда АӨК-нің, ауыл шаруашылығының және оның басқа да салаларының, кәсіпорындар мен қызметкерлердің кірістерін ұлғайту болып табылады, осының есебінен елдің жалпы ішкі өнімнің кірісін ұлғайтуға және мемлекеттік кірістердің өсуіне үлесі қамтамасыз етілетін болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Заработная плата работников по группам профессий и должностей в РК за 2020 год. [Электрондық ресурс] <https://online.zakon.kz/>
2. Қазақстан Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы. 2021 жыл 1 қыркүйек
3. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2 б
4. Агро инфо: информационное агентство. [Электрондық ресурс]: <https://agroinfo.kz/>
5. [Электрондық ресурс] <https://marketingcenter.kz/20/rynok-selskoe-khoziaistvo-kazakhstan.html>

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ**

**Мелдеш Д.К.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., [meldesh\\_d@mail.ru](mailto:meldesh_d@mail.ru)

Тұрғын үй құрылысын дамыту – «Қазақстан-2050» даму стратегиясының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы өзінің бәсекеге қабілеттілігін және дамыған әлеуметтік саясатын арттыру арқылы әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіруге ұмтылуда [1]. Мемлекет дамуының барлық салалары өзара байланысты және халықты сапалы, қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету елдің әлеуметтік дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі таңда тұрғын үй нарығындағы ұсыныстың өсуіне және жана салынған тұрғын үйді пайдалануға беру мерзімдерінің жеделдеуіне қарамастан, құрылыстың ағымдағы қарқыны БҰҰ-ның әлеуметтік стандарттарына (30 ш.м.) сай емес [2] (Қазақстанда бұл көрсеткіш 2020 жылдың қорытындысы бойынша